

## Тауарларды жеткізу туралы шарт № 5

Степногорск қ.

22 қаңтар 2021 ж.

Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Степногорск қаласының "Еркетай" № 5 балабақшасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Жарғы негізінде әрекет ететін Надежда Борисовна Подолько менеджерісі атынан бұдан әрі Тапсырыс беруші, бір тараптан және екінші тараптан Жарғы негізінде әрекет ететін "Кристалл РнО 2017" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан директоры Волмин Олег Николаевич атынан, 2021 жылғы 21 қаңтарда өткен тауарларды жеткізушіні таңдау жөніндегі конкурстық қорытындылары туралы хаттама негізінде осы тауарды жеткізу туралы (бұдан әрі - шарт) және төмендегілер туралы келісімге келді:

## 1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші техникалық тапсырманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық тапсырмада көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және бағалар бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауға және Өнім беруші Шарт бойынша ол міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді:

1.2. Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізбесі;
- 3) техникалық тапсырма;
- 4) Шарттың орындалуын қамтамасыз ету.

1.3. Осы Шартта төменде көрсетілген ұғымдар мынадай түсіндірмені білдіретін болады:

1) "Дүлей күш (форс-мажор)" - төтенше және тойтарыла болмайтын оқиғалар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары және басқалары). Мұндай оқиғаларға, атап айтқанда, міндеттемені орындау үшін қажетті тауарлардың нарықта болмауы жатпайды;

2) "Тапсырыс беруші" - орган немесе орта білім беру ұйымы;

3) "Өнім беруші" - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, Тапсырыс берушімен жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда);

4) "Шарт" - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жазбана нысанда жазылған, тараптар оған барлық қосымшаларымен және толықтыруларымен бірге, сондай-ақ шартта сілтеме бар барлық құжаттамамен бірге қол қойған азаматтық-құқықтық акт;

5) "Шарттың бағасы" - Тапсырыс беруші Шарттың шеңберінде Өнім берушіге өзінің шарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін төлейтін сома.

Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе жартылай орындамаған жағдайда, егер ол дүлей күш нәтижесі болып табылса, жауапкершілік алмайды.

## 2. Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы 1 279 000 (Бір миллион екі жүз жетпіс төңіз мың) теңгені құрайды және Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды.

2.2. Тауарды жеткізу тапсырыс берушінің алдын ала өтінімі бойынша жүзеге асырылады. Жеткізу және түсіру жеткізушінің есебінен жүзеге асырылады.

2.3. Жеткізілген тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Жеткізушінің есебіне ақша қаражатын аудару жолымен жүргізеді.

2.4. Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауарлар көлемі техникалық тапсырмада келтірілген.

### 3. Тараптардың міндеттемелері

#### 3.1. Өнім беруші:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде тауарлардың конкурстық құжаттамада, техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде оларды бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауынның қамтамасыз етуге міндеттенеді. Орауыш қандай да бір шектеулерсіз қарқынды көтерілгіш-көліктік өңдеуге және тасымалдау, сондай-ақ анық сақтау кезінде экстремалды температуралардың, тұздар мен жауын-шашынның әсеріне төлуі тиіс.

Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстығын және қуатты жүккөтерілгіш құралдарының болуын ескеру қажет.

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінеіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның алынған басқа тұнбалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс.

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінеіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттерден туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

8) тауарларды қабылдау-табыстыу актісін ресімдеу және Тапсырыс берушіге жіберуге;

9) Тапсырыс беруші тауарды(ларды) беру актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беруге міндеттенеді.

3.2. Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауар үшін төлемді талап етуге құқылы.

#### 3.3. Тапсырыс беруші:

1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қолжетімділігін қамтамасыз етуге;

2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) Тауарды қабылдау кезінде оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, тауарды қабылдауға не қабылдаудан бас тартуға міндеттенеді. Бұл ретте тауарды қабылдап алуы Тапсырыс беруші не сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады.

4) тауарды(ларды) беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық нысанда шот-фактураларды жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы Өнім беруші электрондық нысанда жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

#### 3.4. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге құқықты.

4. Тауарлардың техникалық тапсырмаға, конкурстық өтінімге сәйкестігін тексеру

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген тауарлардың конкурстық құжаттамада көрсетілген талаптарға сәйкестігі мәніне бақылау және тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушінің



осы мақсаттар үшін белгіленген өздерінің өкілдері туралы уақтылы жазбаша түрде хабарлар етуге тиіс.

4.2. Осы Шарт шеңберінде жеткізілетін тауарлар техникалық тапсырмада, конкурстық өтінімде көрсетілген стандарттарға сәйкес келуі немесе оған жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер жеткізілген тауарлар тексеру кезінде конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Онім беруші тексеру сәтінен бастап "сәйкессіздіктерді жою мерзімі" ішінде Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз конкурстық құжаттама талаптарына сәйкессіздіктерді жою жөнінде шрлар қабылдайды.

4.4. Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру Онім берушінің аумағында, жеткізу орнында және (немесе) тауарлардың түпкі межелі нүктінде жүргізілуі мүмкін. Егер олар Онім берушінің аумағында өткізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті қаражат берілетін және жәрдем көрсетілетін болады.

4.5. Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Онім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

#### 5. Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1. Онім беруші Тауарды Тапсырыс берушіге толық жағдайда жеткізу техникалық тапсырмада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді деп есептеледі.

5.2. Осы Шарттың 5.1-тармағындағы талаптар сақталған жағдайда, Онім берушінің Тауарды қабылдау-табыстау актісін Тапсырыс берушіге жіберген күні Тауарды қабылдау/табыстау күні болып есептеледі.

#### 6. Кепілдік Сана

6.1. Онім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) саны және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жана, пайдаланылмаған, лауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2. Сатып алынатын тауарлардың тізбесіне және техникалық тапсырмаға сәйкес Тауардың жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда арауышты ашу сәтінде қандай да бір жасырын зауыттық ақаулар анықталған жағдайда немесе егер Тауардың саны дайынлаудың техникалық шарттарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күн мерзімде жарнамалық акт жасайды, ал Онім беруші күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде және өз есебінен Тауарды жанауымен алмастырады.

#### 7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2. Секвестрлеу және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорының, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп ийызы мемлекетке тиесілі заңды тұлғаның қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша жеткіліксіз болған жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Онім берушіге Шартта көрсетілген мерзімде өзіне тиесілі қаражатты төлемесе, онда Тапсырыс беруші кешіктірілген әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1% (нөл бүтін онан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.3. Тауарды жеткізу мерзімі кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Онім берушіден мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалуды (өндіріп алады) не міндеттемелерді

тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда әрбір мерзімі өткен күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1%-ы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (ондіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10%-ынан аспауы тиіс.

7.4. Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күнінен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізінген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын ондіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуда құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті күннің немесе мерзімдерінің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде ұсынылуы тиіс.

7.7. Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8. Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты шарт бұзылған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармайды.

7.9. Өнім берушінің шарт бойынша міндеттемелер толық орындалғанға дейін үшінші тұлғаларда енгізілген келісімдік ақшалай жарнаға тұтастай не бір бөлігінде талап ету құқығының туындауына әкеп соғатын іс-әрекеттер жасауына жол берілмейді.

7.10. Өнім беруші қызметерді сатып алу туралы жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда Тапсырыс беруші Жосықсыз өнім берушілердің тізбесін қалыптастыру қағидаларына сәйкес өнім берушінің міндеттемелерді бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні бадаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты қызметерді жосықсыз жеткізуші деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінеді.

## 8. Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1. Шарт қол келіңен күнінен бастап күшіне енеді және 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

8.2. Шарт тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер бойынша бекітілген жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес бөлінген қаражат шегінде жасалады және өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болмаған жағдайда шарттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде екі рет кейінгі қаржы жылдарына ұзартылады.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен тамақпен қамтамасыз етілетін білім алушылардың саны өзгерген жағдайда, қолданыстағы шартқа қосымша келісім жасалады.

8.3. Тапсырыс беруші, егер Өнім беруші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болса, Өнім берушіге тиісті жазбана хабарлама жібере отырып, Шарттың талаптарын орындаудан кез келген уақытта біржақты тәртіппен бас тарты алады. Мұндай жағдайда Шарт талаптарын орындаудан бас тарту дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші, егер Шарт талаптарын орындаудан бас тарту Тапсырыс берушіге зиян келтірмесе немесе іс-әрекеттер жасауға немесе санкцияларды қолдануға қандай да бір құқықтарды қолтамаса, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаражылық міндеттеме алмайды.

8.4. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбана хабарлама жіберіп:



1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса, толық немесе ішінара бұза алсады.

8.5. Шартта мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда:

1) осы Шарт негізінде жасалған осы Қағидаларда көзделген шектеулерді бұзу анықталған;

2) ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы Өнім берушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

3) уәкілетті орган конкурсының қорытындыларына (нұсқама, хабарлама, ұсыну, шешім) ықпал еткен конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде бұзушылық фактілерін анықтаған жағдайда, Шарттың кез келген уақытта бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс және міндеттемелер тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, уәкілетті мемлекеттік органдардың актілеріне сәйкес 10 жұмыс күні ішінде конкурс жеңімпазымен шарт жасалады.

8.6. Шарт тараптардың келісімі бойынша, оны одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда бұзылуы мүмкін. Хабарламада шартты бұзу себебі көрсетіледі, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күшіне енген күні көрсетіледі.

Шарттың күші жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылғанда, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуда байланысты нақты шығындар үшін, бұзу күніне ақы төлеуді талап етуге құқылы.

## 9. Хабарлама

9.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тиесіріс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс бойынша не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## 10. Форс-мажор

10.1. Егер Шарт міндеттемелерінің орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмағаны үшін жауапкершілік алмайды.

10.2. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен босамайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуда жауапты болмайды.

10.3. Шарт мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4. Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбана хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбана нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## 11. Даулы мәселелерді шешу

11.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе дауларды тікелей келіссөздер процесінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2. Егер осындай келіссөздерден кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## 12. Өзге де шарттар

12.1. Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасалу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3. Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған санын өзгермеуі жағдайында және басқа да жағдайларда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта көрсетілген қызметтер бірлігі үшін бағаның өзгермеуі жағдайында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюына немесе артуына байланысты Шарт сомасын азайту не ұлғайту бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасалған Шартты орындау процесінде тауар бірлігі үшін бағанын өзгермейтін талабы жағдайында неғұрлым жақсы сапалық және (немесе) техникалық сипаттамаларды не тауарларды жеткізу мерзімдерін және (немесе) шарттарын ұсынған жағдайда;

3) тараптардың өзара келісімі бойынша тауарлардың бағасын және тиісінше Шарттың сомасын азайту бөлігінде жол беріледі.

12.4. Шарт бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5. Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13. Тараптардың деректемелері

Талпырыс беруші

Өнім беруші

ГККН "Детский сад № 5 "Еркетай" города  
Степногорск при отделе образования по  
городу Степногорск управления образования  
Акмолинской области"  
г.Степногорск, МИКРОРАЙОН 6, 5  
БИН 080140019157  
БИК TSESKZKA  
ИНК KZ59998ETB0000003230  
АО «First Heartland Jysan Bank»  
Тел.: 87164525100

"Кристалл РнО 2017"  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі/Акмолинская область,  
г.Степногорск, Микр. 3, 12, 78  
БСН/ЖСН 170140001867  
БСК HSBKZZKX  
ЖСК KZ236017321000001163  
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел.: 87164559540



Н. Б. Подолька



О.Н.Вохмин

Сатып алынатын тауарлар тізімі

№	Тапсырыс берушінің атауы	Тауарлар (жұмыс, қызмет) атауы	Өлшем бірлігі	Саны, көлемі	Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету мерзімі	Тауарды жеткізу, жұмысты орындау, қызметті көрсету орны	Бірліктегі бағасы, теңге	Мемлекеттік сатып алуға бөлінген соммасы, теңге
1	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 Балабақшасы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны	банан	кг	300	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. 6 ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	600	180000
2	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 Балабақшасы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны	Мәйіз	кг	20	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. 6 ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	1200	24000
3	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 Балабақшасы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны	Қырыққабат		1200	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. 6 ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	180	216000
4	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 Балабақшасы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны	Картон		2500	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. 6 ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	150	375000
5	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 Балабақшасы мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны	Өрік		20	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. 6 ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	1200	24000



6	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қызметтік кәсіпорны	Лимон		10	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	1000	10000	
7	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қызметтік кәсіпорны	Басты пияз		500	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	150	75000	
8	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қызметтік кәсіпорны	Сәбіз	кг	1000	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	150	150000	
9	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қызметтік кәсіпорны	Қызылша	кг	300	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	130	75000	
10	Ақмола облысы Білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімінің жаңақаласы Степногорск қаласының "Еркетай" №5 балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қызметтік кәсіпорны	Көш піскен алма	кг	300	Тапсырыс бойынша қаңтар-маусым	Степногорск қ. б ш/а, ғим 5. МКҚК №5 "Еркетай" балабақшасы	500	150000	
Барлығы									1279000



Төлеуші: Н.И. Подолько

Қытастыру және сапалық бағалау бөлімі

№ 0

*[Handwritten signature]*  
(қолы)

Өнім жеткізуші: О.Н. Вохмин

Қытастыру және сапалық бағалау бөлімі

№ 0

*[Handwritten signature]*  
(қолы)